

«Педагогика, филология және тарих» факультетінің тарихы

«Педагогика, филология және тарих» факультеті – «Болашақ» университетінің бірден-бір басты және ірі факультеттерінің бірі. Факультет 2003 жылы 31 тамызда «Педагогика» факультеті болып алғаш рет құрылды. Факультеттің құрылуы елімізде білім саласында жаппай құрылымдық өзгерістерімен қатар келді. «Педагогика» факультетінде 4 кафедра жұмыс жасады. Олар – «Педагогика, психология және өнер», «Тарих, филология және журналистика», «Шетел тілдері», «Математика, информатика және ақпараттық технологиялар» кафедралары.

Факультетке қарасты 4 кафедрада 24 мамандық бойынша бакалаврлар, 4 мамандық бойынша магистрлер дайындалды.

2013-2014 оқу жылында «Педагогика, филология және тарих» факультеті болып қайта құрылды. Факультет деканы қызметін филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Исаева Жанар Аманжолқызы атқарды.

«Педагогика, филология және тарих» факультетінде 5 кафедрада 16 мамандық бойынша бакалаврлар, 4 мамандық бойынша магистрлер даярланды.

2015-2016 оқу жылында факультет құрылымына өзгерістер енгізіліп, 3 кафедрада бакалаврдың 14 мамандығы, магистратураның 4 мамандығы бойынша жұмыс жүргізілді. Олар – «Қазақстан тарихы, мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасы, «Педагогика, психология және дефектология» кафедрасы, «Филология және журналистика» кафедрасы.

Факультет 2016-2017 оқу жылында «Педагогика және филология» болып қайта құрылып, 2 кафедрада бакалаврдың 13 мамандығы, магистратураның 3 мамандығы бойынша жұмыс жүргізілуде. Олар – «Педагогика және психология» мен «Филология және журналистика» кафедралары. Факультет деканы қызметін филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы атқаруда.

«Педагогика және филология» факультетінің миссиясы: педагогикалық, ғылыми-зерттеу, көркем публицистикалық қызметті жүзеге асыра алатын және білім берудің инновациялық үлгілерін енгізу міндеттерін шығармашылық тұрғыда шеше алатын жоғары білікті мамандарды іргелі, көпдеңгейлі мақсатта даярлау болып табылады.

Факультеттегі ұстаздар мен білімгерлердің құзырына кітап қоры бай кітапхана, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер, мультимедиялық, тьюторлық және компьютерлік сыныптар, лингафондық кабинеттер, телестудия, лабораториялық және атаулы сыныптар берілген.

Факультетте профессор-оқытушылардың ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмыстарының қорытындылары негізінде жарияланған монографиялар мен оқыту әдістемелік еңбектері Болашақ университетінің оқу үдерісіне сай шығарылып отырылады.

Факультет оқытушылары үнемі өздерінің ғылыми және мамандық бойынша деңгейлерін әртүрлі стажировка және біліктілік жетілдіру курстарында жетілдіріп отырады.

Факультеттегі оқу үдерісі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жүргізіледі. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар қолданылады. Студенттер білімінің сапалық деңгейі оқытудың заманға сай меңгерту әдістерінің жиі қолданылуымен арттырылып отырылады, сонымен қатар білімді түрлі тәсілдермен бағалау, дағды және шеберліктерін қалыптастыру ұйымдастырылады. Оқу үдерісінде негізгі қағидалар сақталынады: кредиттік, модульдік, әдістемелік кеңес, ғылымилық және болжамдық, техникалық және жаңашылдық, ізеттілік және біліктілік. Оқыту талаптары алдыңғы қатарлы мамандарды қоғамның әлеуметтік өмірінде кәсіби біліктілігін жүзеге асыруға көмектеседі.

Жыл сайын кафедраларда материалды-техникалық база заман талабына сай жабдықталып, оқу үдерісі жетілдірілуде, ғылыми кадрлар әлеуетінің артуына зор көңіл бөлінуде. Факультетке қарасты әрбір кафедра сапалы жоғары кәсіби білім беру қызметін қамтамасыз етуді өзінің аса маңызды міндеті деп санайды.

«Педагогика және филология» факультеті «Қазақстан - 2050» стратегиясын жүзеге асыру барысында білім беруді модернизациялауды, жаңа ақпараттық және алдыңғы қатарлы технологияларды ендіру арқылы оқу үдерісін жетілдіруді, ғылым мен практиканы ұштастыруды, оқытушылар мен студенттердің шығармашылығын қалыптастыруды өз дамуының негізгі бағыттары ретінде басшылыққа алып келеді.